

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
бекітілген

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасының
көзбе-көз отырысының
2014 жылғы 11 мамырдағы
№ 14/14 хаттамасына
№2 қосымша

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі

Астана қ., 2014 жыл

Мазмұны

1. Жалпы ережелер

2. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібінің мақсаты және негізгі қағидаттары

3. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі

4. Дивидендтердің уақтылы төленуі үшін жауапкершілік

5. Қорытынды ережелер

Қосымша. Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеудің әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі (бұдан әрі - Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Холдинг) Жарғысына, Холдингінің 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясына және оның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

1.2. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқарумен тікелей немесе жанама түрде Холдингке тиесілі заңды тұлғалар (бұдан әрі - Компаниялар) төлейтін меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқарумен Холдингке тиесілі акциялар топтамасына (қатысу үлестеріне) арналған дивидендтердің мөлшерін анықтаудың бірыңғай тәсілдемесі мен қағидаттарын белгілейді.

Сенімгерлік басқару туралы актіге сәйкес Холдингке дивидендтер алуға өкілеттік берілген жағдайда ғана Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқарумен тікелей немесе жанама түрде Холдингке тиесілі заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

Дивиденд деп Компаниялардың есеп беру кезеңі ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілігіне/қызмет нәтижелеріне сай Компанияның таза пайдасының Холдингке оған меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқарумен тиесілі акциялар (қатысу үлестері) бойынша төленетін бөлігі түсініледі.

Дивидендтер төлеу Компаниялардың бекітілген даму стратегияларының, сонымен қатар Компаниялардың директорлар кеңесінен келіп түскен ұсыныстардың негізінде олардың таза пайдасын бөлу және қайта инвестициялау ескеріле отырып, олардың қаржылық-шаруашылық қызметін қорытындылау жұмысының шеңберінде жүзеге асырылады.

1.3. Холдингке дивидендтер төлеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компаниялардың жарғыларымен, сонымен қатар Компаниялардың жалғыз акционерлерінің (акционерлерінің жалпы жиналысының) тиісті шешімдерімен регламенттеледі.

2. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібінің мақсаты және негізгі қағидаттары

2.1. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібінің мақсаты дивидендтердің мөлшерлерін анықтау кезінде Холдинг пен Компаниялар мүдделерінің теңгерімін, тәсілдеменің болжамдығы мен мөлдірлігін, дивидендтерді төлеудің шарттары мен тәртібін қамтамасыз ету болып табылады.

2.2. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібінің негізгі қағидаттары:

- Холдингтің жалғыз акционерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша Холдингтің төлемдер мен шығындарды жүзеге асыру қажеттігі қағидаты;

- қызметтің жаңа түрлері мен Холдинг қаражатының есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қоса, Холдинг қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қажеттігі қағидаты;

- Компаниялардың дамуға арналған, соның ішінде өзінің инвестициялық қызметін дамытуға арналған шығыстарын қаржыландыру қажеттігі қағидаты болып табылады.

2.3. Компаниялар Холдингтің пайдасына есептейтін дивидендтердің мөлшері:

- Холдингтің жалғыз акционерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша төлемдер мен шығындарды;

- Холдингтің ағымдағы қызметін қаржыландыруды;

- қызметтің жаңа түрлері мен Холдинг қаражатының есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды;

- Холдингтің қаржылық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге Холдингтің ақшалай қажеттілігін жабуы тиіс.

3. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі

3.1. Компаниялар Холдингтің пайдасына есептейтін дивидендтердің мөлшері Компаниялардың қаржылық тұрақтылығы мен өтімділігі көрсеткіштерінің негізінде анықталатын қаржылық-экономикалық ахуалға байланысты айқындалады.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібіне және Компаниялардың жарғыларына сәйкес, Компаниялардың уәкілетті органдары Компаниялардың аяқталған қаржылық жыл ішіндегі таза кірісін бөлудің тәртібі мен Компанияның бір жай акциясына есептегендегі жыл ішіндегі дивидендтердің мөлшері туралы ұсыныс дайындайды.

3.3. Дивидендтердің мөлшері туралы түпкілікті шешім Компанияның жалғыз акционерінің/жалғыз қатысушысының (акционерлерінің жалпы жиналысының/қатысушыларының жалпы жиналысының) шешімімен белгіленеді.

3.4. Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтердің мөлшері осы Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібіне [қосымшаға](#) сәйкес дивидендтерді есептеу әдістемесінің (Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеудің әдістемесінің) негізінде анықталады.

4. Дивидендтердің уақтылы төленуі үшін жауапкершілік

4.1 Компанияның дивидендтер төлеуі мәселелері бойынша іс-шаралардың барлығын дайындауды, үйлестіруді және өткізуді Компанияның атқарушы органы жүзеге асырады. Дивидендтердің уақтылы төленуі үшін жауапкершілікті Компанияның атқарушы органы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның жарғысына сәйкес **көтереді.**

5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі бекітілген мезетінен бастап қолданысқа енгізіледі.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін
дивидендтердің мөлшерін анықтау [тәртібіне](#)
қосымша

Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеудің әдістемесі

1. Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеу:
 - Компанияның аудиттелген қаржылық есептілігінің деректері;
 - дивидендтер есептелетін кезең ішіндегі басқарушылық есепке алу ақпараты (қаржылық есептілікте қажетті деректер жоқ болған жағдайда) негізінде жүзеге асырылады.
2. Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеу мынадай реттілікпен орындалады:
 - 1) 1-кезең – ақпарат жинау және дайындау;
 - 2) 2-кезең – дивидендтердің мөлшерін есептеу;
 - 3) 3-кезең – Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Компаниялар жасасқан шарттармен дивидендтерді төлеу бойынша белгіленген шектеулерді сақтау талапшарттарының (ковенанттар) орындалуын тексеру.

Есептеу кезеңдерін сипаттау

1-кезең. Ақпарат жинау және дайындау

- Бұл кезеңде келесі құжаттарды жинау және жүйелендіру жүргізіледі:
- Компанияның аудиттелген қаржылық есептілігі;
 - басқа құжаттар мен осы есептеуде пайдаланылатын, бухгалтерлік есептілікте олар туралы мәліметтер жоқ мәндерді анықтау үшін қажет Компанияның басқарушылық есепке алу деректері.
- Сонымен қатар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген дивидендтерді төлеу бойынша шектеулерді сақтау талапшарттарының орындалуын тексеру жүргізіледі.

2-кезең. Дивидендтердің мөлшерін есептеу

Компаниялар төлейтін дивидендтердің мөлшерін есептеу аяқталған қаржылық жыл (бұдан әрі - Кезең) үшін жүзеге асырылады.

Компаниялар Кезең ішінде шоғырландырылған таза шығын алған және осы Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібімен және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен қарастырылған өзге де жағдайларда дивидендтер есептелмейді.

Төленетін дивидендтердің мөлшері Компанияның Кезең соңындағы қаржылық-экономикалық ахуалына байланысты анықталады.

Дивидендтер есептеу келесі түрде жүзеге асырылады:

$$\text{Дивидендтер} = \text{ШТП} * k,$$

мұнда:

ШТП - Компанияның Кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайдасы;

k – дивидендтердің мөлшері, %.

Компаниялар Кезең үшін төлеуге жататын дивидендтердің мақсатты мөлшері Кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайдасының кемінде **70%-ын** құрайды.

Компания мына жағдайларда дивидендтердің мақсатты мөлшерден кем мөлшерін төлеу туралы шешім қабылдауды ұсына алады:

- қысқамерзімді және ұзақмерзімді қаржылық тәуекелдерді жабу үшін негізделген қажеттіліктердің бар болуы, соның ішінде Компанияның Кезең соңындағы қаржылық-экономикалық ахуалының ұсынылған талдауы негізіндегі болжанатын кассалық алшақтықтың бар болуы;

- өз қаражаты есебінен қаржыландыруды қажет ететін жоғары кірісті іске асырылатын жобалардың бар болуы;

- нормативтік-құқықтық актілермен дивидендтерді төлеу бойынша белгіленген шектеулерді сақтау талапшарттарының (ковенанттар) орындалуын тексеру

Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібінің [2.3 тармағында](#) көрсетілген шығыстарды қаржыландыру қажет болған жағдайда, Холдингтің экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің ұсыныстары негізінде **k** коэффициенті **70%-дан жоғары** деңгейде қабылдана алады.

Кезең үшін есептелетін дивидендтердің барынша көп мөлшері Кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайданың 100%-ына тең.

Компаниялар Кезең үшін төлеуге жататын дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлік қоғам - Компанияның акционерлерінің жалпы жиналысының (Жалғыз акционерінің) немесе Компанияның барлық дауыс беруші акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен, жауапкершілігі шектеулі серіктестік - Компанияның жалғыз қатысушысымен (қатысушыларының жалпы жиналысымен) Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібінің 2.2 тармағында белгіленген қағидаттарға сәйкес белгіленеді.

3-кезең. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Компаниялар жасасқан шарттармен дивидендтерді төлеу бойынша белгіленген шектеулерді сақтау талапшарттарының (ковенанттар) орындалуын тексеру

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Компаниялар жасасқан шарттармен белгіленген шектеулерден (ковенанттар) асатын сомаға дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

Егер 2-кезеңде есептелген дивидендтердің сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Компаниялар жасасқан шарттармен белгіленген

шектеулерден (ковенанттар) асатын болса, онда мұндай сома төлеуге рұқсат етілетін мөлшер жағына қарай азайтумен түзетіледі.

Келешекте Компаниялар жасасатын ешқандай шарттарда Компаниялардың дивидендтер төлеуі бойынша қандай да болмасын шектеулер болмауы тиіс. Компаниялардың дивидендтер төлеуі бойынша қандай да болмасын шектеулер көзделетін барлық шарт жобалары Холдингтің Активтерді және пассивтерді басқару комитетімен келісілуі тиіс.